

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ
АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАУПІН ТӨМЕНДЕТУ



АЛМАТЫ, 2018

Қазақстан Республикасы

**Мектепке дейінгі ұйымдарда балалар жарақатының алдын алу
және оның қаупін төмендету**

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына
арналған құрал**

Алматы, 2018

ҚҰРАСТЫРУШЫ:

Коренькова Л.Г.

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Калиаскарова Ш.Р., МКҚК №113 балабақша меңгерушісі, Алматы қ.
Семаева Н.В., МКҚК №27 бөбекжай балабақша әдіскері, Алматы қ.

ISBN

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалар жарақатының алдын алу және оның қаупін төмендету. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған құрал. - ...бет. Алматы, 2018

ISBN 978-601-276-588-5

«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалар жарақатының алдын алу және оның қаупін төмендету» құралы Жыныстық және Репродуктивтік Денсаулық бойынша Қазақстан Ассоциациясы (КМПА), БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) жобасы аясында дайындалды. Құралдың мазмұнында мектепке дейінгі жастағы балалар жарақатының алдын алу және жарақаттану мүмкіндігін ескертетін тұрақты механизмін құру мәселесі бойынша оқу-әдістемелік кешен қамтылған. Құрал ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына арналған. Осы құралда берілген пікірлер авторларға тиесілі және Қазақстандағы ЮНИСЕФ Өкілдігінің ресми көзқарасын білдіруі міндетті емес. Құрал тегін таратылады. Қайта басып шығарғанда, үзіндіні қолданғанда және ақпаратты басқа да жағдайларда пайдаланғанда осы жарияланымға сілтеме жасалуы міндетті.

Өңделуі, қатталуы: «Алматы Көркем» Жарнамалық-Өндірістік компаниясы

Қазақ тіліне аударған: Г.Т.Айматова

Мұқабадағы сурет (немесе фото): Гурец Инна

Жыныстық және Репродуктивтік Денсаулық бойынша Қазақстан Ассоциациясы (КМПА), 010000, Алматы, Мұқанов көш., 243 үй, 20 офис тел. +7(727)3958518, факс: +7(727)3958518. www.kmpakaz.org

Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ). Қазақстан Республикасы, 010000, Астана, Бейбітшілік көш., 10-А үй, Тел: +7 (7172) 32 17 97, 32 29 69, 32 28 78, Факс: +7 (7172) 32 18 03 www.unicef.kz, www.unicef.org

Құрметті ата-аналар!

Бала жарақаттануы – өзекті мәселе, егер Сіз балаңызды қауіпсіз ережесіне үйретсеңіз, көптеген жарақаттанудан құтылуға болады. Жарақаттар – бұл баланың көшеде, табиғатта дұрыс емес мінез-құлқының нәтижесі. Жарақаттануды ескерту – тек дәрігердің, тәрбиешінің ғана міндеті емес, ең басы ата-аналардың міндеті.



1. Баланың тұрмыстағы қауіпсіздігі.

Балаларда ең көп кездесетін жарақаттар:



- Түзу жерден құлау (сүріну, ілініп қалу, аяқтары оралып қалу);
- Биіктіктен құлау (жиһаз, балкон, ағаш, шатыр);
- Жаралар (қайшы, шыны, ине, тырнақ, пышақ);
- Күйіктер (қайнаған су, өрт, электр тогы, химиялық заттар);
- Үстіне құлаған заттардан зақымдану (сөре, ваза, мұзды сүмелек);
- Үсу (аязда, желді ауа

райында ұзақ болу);

- Шағу, тістеу (ит, мысық, кеміргіштер, жәндіктер);
- Улану (улы жидектер мен өсімдіктер, саңырауқұлақтар, дәрі-дәрмектер, жуғыш заттар, төмен сапалы тағам);
- Бөтен заттардың ағзаға тусуінен пайда болған зақымдану (тиындар, түймелер, мозаика, құм және басқа да кішігірім заттар);
- Артық кимылдардан зақымдану (бұрышқа, есікке, бір-бірімен соғылу);
- Тікендер (ағаш ойыншықтардың нашар өңделген беттері, тұрмыстық заттар, таяктар, тікенді өсімдіктер).

Балаларға үйде қолдануға тыйым салынады:

- Сіріңке;
- Газ плитасы, пеш;
- Электр резеткелері, ажыратқыштар;
- Қосылып тұрған электр құрылғылары;
- Үшкір, кесетін заттар.

Балаға үйретіңіз:

- Ине;
- Қайшы;
- Пышақ қолдануға.

Қол жетпейтін жерлерде сақтау керек:

- Тұрмыстық химияны;
- Дәрі-дәрмекті;
- Спирттік сусындарды;
- Темекіні;
- Тамақ қышқылдарын;
- Тұтанғыш сұйықтықтарды;
- Кесетін және кіретін құралдарды.

Сіздің балаңыз болмайды ережелерін меңгеруі керек:



- Ересектердің рұқсатынсыз дәрі-дәрмек алуға;
- Дәрілермен, тұнбалармен, жақпа майларымен ойнауға;
- Ересектер рұқсатынсыз дәрі ішуге;
- Жуғыш заттарды қолға ұстауға, қақпағын ашуға;
- Ұнтақтардың, дәрілердің дәмін көруге көруге;
- Ұнтақтарды, сұйық дәрілерді иіскеуге;
- Ересектердің рұқсатынсыз сутек тотығын, зеленканы, йодты алуға.

Күюді ескерту:

- Балаларды ыстық пештен, тамақтардан, үтікпен, электр плиталардан алыс ұстау;
- Электр плитасын жоғары жаққа орнату немесе конфорка тұтқаларын алып тастаңыз, сонда балалар оған жете алмайды;
- Балаларды ашық оттан, шамның, өрттің жалынынан, петард, пештердің жарылыстарынан аулақ ұстаңыз;

- Балалардан тұтанғыш сұйықтықтарды: бензин, керосин, сіріңке, шамдар, оттықтан, бенгаль шамдарынан, петардтардан алыс ұстаңыз.



Үйдің ауласындағы қауіпті орындар:


- Балалар ойын аландары, құрылыс аландары, қоршалмаған аумақтар;
- Бүлінген аулалар;
- Ашық люктер, арқандар, сынған лифттер, баспалдақтар сүйеніші.

2. Жолдағы қауіпсіздік.

Сіздің балаңыз игеруі керек:

- Ересектерсіз жолға шығуға болмайды, ересектердің қолынан ұстап жүруді;
- Көшеде тротуардың оң жағында, ақырын қадам басып жүру қажет;
- Жолды бағдаршамның жасыл белгісі жанғаннан кейін, көліктердің барлығы тоқтағанына көз жеткізіп, жаяу жүргінші жолынан ғана өту керек;
- Жолдың жүру бөлігі тек көлік құралдарына ғана арналған;
- Жолдағы көліктердің қозғалыстары бағдаршамның белгілерімен реттеледі;
- Қоғамдық көліктің терезелерінен қолды, басқа да заттарды шағаруға болмайды.

Балаларды көлікпен тасымалдау ережесі:



- Қауіпсіздік белдіктерін бекітіп, балаға мұны не үшін қажет екенін түсіндіріңіз;
- Қауіпсіздігі белдігінің баланың бойына байланысты адаптері болуы керек;
- 12 жасқа дейінгі балалар арнайы балаларға арналған креслоларда немесе артқы орындықтың ортаңғы және оң жағында отырады;
- Бала көліктің тротуар жағындағы, оң есік арқылы шығады.

3. Табиғаттағы қауіпсіздік.

Сіздің балаңыз табиғатта болмайды ережесін меңгеруі қажет:

- Ересектерден қашуға;
- Орманға алыс кетуге;
- Гүлдерді, шөптерді мақсатсыз жұлуға;
- Шикі саңырауқұлақтарды, бейтаныс жемістерді жеуге;
- Фауна өкілдерін қолға ұстауға;
- Бұталар өскіндерін және тал бұтақтарын сындыруға;
- Құрғақ шөптер мен жапырақтарды жағуға;
- Қоқысты тастауға.

Табиғатта, суда қауіпсіз мінез-құлық ережелері.



- Жаз мезгілінде табиғатқа шығуда, су қоймаларына серуендер мен экскурсиялар кезінде, тыныш, бұтақ ағаштары жоқ, таяз және таза балдырлары бар, түбінде балшығы бар жерді таңдаңыз.
- Балаларды су қоймасына ересектердің бақылауынсыз жіберуге болмайды;
- Бала үнемі сіздің қадағалауыңызда болуы керек;
- Мектеп жасына дейінгі балаларға қоршаулардан, жағадан суға секіруге, сүңгуге тыйым салынады.
- Суда баланың тентектігін басыңыз.

Бала су жұтып қойса – не істеу керек?



- Бірінші жұбату;
- Судан шығару;
- Жөтеліп алуына шамалы уақыт беру;
- Жылы су ішкізу (мысалы шәй).

Күнге күйю:

- Бала күн сәулесінің астында, теңіз жағасында, көлде немесе өзенде, үйінің алдындағы құмда ұзақ уақыт жүрсе күйіп қалуы мүмкін;
- Су қоймасында үрілген дөңгелекпен

немесе матраспен жүзіп жүрсе;

- Ыстықты сезіну қиын болатын желді күнде.

Күнге күйюдің белгілері:

- Терінің күйген жерлері қызарады;
- Дызылдау және ауыру сезімі пайда болады;
- Бала жиі жылайды, тынымсызданады немесе ұйқысы келіп, әлсірейді;
- Бас ауруы және құсу пайда болуы мүмкін;
- Қатты күйген болса, баланың қызуы, калтырауы көтерілуі мүмкін, жалпы әлсіздік басталады. Денеде бөртпелер пайда болады.

Күн сәулесіне күйген кезде алғашқы көмек:

- Ең алдымен баланың ауырсынуын жеңілдету қажет;
- баланың иығына он-он бес минутқа суық суға малынған орамал жабыңыз;
- күйген жерге қаймақ, айран, көк шай жағыңыз;
- ауырсынуды басу үшін қияр мен шикі картопты қолданады;
- күйіп қалған жерлерді арнайы дәрі-дәрмектермен емдеңіз;
- балаңызға жеңіл, кең киімді кигізіңіз;
- балаға ауырсынуды басатын дәрі беріңіз;
- мол суық сусын - су, шәй, компот, морс, кисель беріңіз.

Қыс мезгілінде балаларға тыйым салынады:

- Қауіпті жерлерде шанамен, мұзды сырғанақтарда аяқпен тұрып сырғанауға;
- Көк мұзда тайғақ жолмен, сыртқы баспалдақтармен, қардан, мұздан тазаланбаған, құм себілмеген жерлермен жүруге;
- Алаңда сынған ағаштармен шұқыр жерде қозғалмалы ойындар ойнауға;
- Өз бетінше шаңғымен, самокатпен, конькимен сырғанауға;
- Ересектердің сақтандыруысыз швед қабырғасына шығуға.